

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционерлерінің жалпы жиналысының
шешімімен

(2015 жылдың 15 мамырындағы
№ 26 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2015 жылдың 18 мамырынан бастап

қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы"
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ.

2015

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданды (2016 жылдың 28 сәуіріндегі № 14 отырыс хаттамасы);
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен бекітілді (2016 жылдың 25 мамырындағы № 28 отырыс хаттамасы);
- Алматы қаласының Әділет департаментімен 2016 жылдың 19 шілдесінде тіркелді.

2. № 2 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданды (2017 жылдың 27 сәуіріндегі № 15 отырыс хаттамасы);
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен (2017 жылдың 25 мамырындағы № 29 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- Алматы қаласының Әділет департаментімен 2017 жылдың 30 маусымында тіркелді.

3. № 3 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданды (2017 жылдың 12 қазанындағы № 27 отырыс хаттамасы);
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілді (2017 жылдың 29 қарашасындағы № 30 отырыс хаттамасы);
- Алматы қаласының Әділет департаментімен 2018 жылдың 12 қаңтарында тіркелді.

4. № 4 өзгертулер мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданды (2019 жылдың 24 сәуіріндегі № 19 отырыс хаттамасы);
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен бекітілді (2019 жылдың 30 мамырындағы № 32 отырыс хаттамасы).

5. № 5 өзгертулер мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданды (2020 жылдың 26 ақпанындағы № 6 отырыс хаттамасы);
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (2020 жылдың 13 сәуіріндегі № 33 отырыс хаттамасы) бекітілді.

6. № 6 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданды (2023 жылдың 26 сәуіріндегі № 11 отырыс хаттамасы);
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен (2023 жылдың 30 мамырдағы № 40 отырыс хаттамасы) бекітілді.

7. № 7 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданды (2024 жылдың 30 сәуіріндегі № 12 отырыс хаттамасы);
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен (2024 жылдың 30 мамырдағы № 41 отырыс хаттамасы) бекітілді.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" "Бағалы қағаздар нарығы" туралы заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалып, "Қазақстан қор биржасы" (бұдан әрі – Биржа) акционерлік қоғамының заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін, Биржаның атауын және орналасқан жерін, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзіреттілігін, Биржаның қайта ұйымдастырылу және жойылу шарттарын және, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, басқа да қағидаларын анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап.

Биржаның атауы

1. Биржаның толық атауы:
 - қазақ тілінде: **"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы;**
 - орыс тілінде: **акционерное общество "Казахстанская фондовая биржа";**
 - ағылшын тілінде: **Kazakhstan Stock Exchange Joint-Stock Company**
2. Биржаның қысқартылған атауы:
 - қазақ тілінде: **"Қазақстан қор биржасы" АҚ**
немесе
Қазақстан қор биржасы
 - орыс тілінде: **АО "Казахстанская фондовая биржа"**
немесе
Казахстанская фондовая биржа
 - ағылшын тілінде: **Kazakhstan Stock Exchange JSC**
немесе
Kazakhstan Stock Exchange
3. Биржаның аббревиатура ретінде атауы (барлық тілдерде) – **KASE**.
4. Осы баптың 1-3 тармақтарында аталған кез келген Биржаның ататуы оның фирматылқ таауы болып табылады.

2 бап.

Биржаның құқықтық мәртебесі және жауапкершілігі

1. Биржа Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
Биржа 1993 жылдың 30 желтоқсанынан бастап алғашқы мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне иеленді.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржа коммерциялық ұйым болып табылады.
3. Биржа меншік құқығында жекеленген мүлігікке иеленген және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауапты болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын сатып алуға және жүзеге асыруға құқылы, азаматтық міндеттемелерін орындайды, сотта талап етуші және жауап беруші бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, басқа да әрекеттерді жүзеге асырады.

Биржаның дербес теңгерімі бар.

4. Тиісті лицензиялардың негізінде Биржа қор биржасы, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыратын ұйым және банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйым болып табылаты.
5. Биржа Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан, банктер мен өзге де қаржылық ұйымдарда, ұлттық, сондай-ақ шетел валюталарында есеп-шоттар ашуға құқылы.
6. Биржа еншілес ұйымдарды және тәуелді акционерлік қоғамдарды құруға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде басқа заңды тұлғалардың акцияларын сатып алуға және жарғылық капиталында қатысуға құқылы.
- 6-1. Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен филиалдар және/немесе өкілдіктер, сондай-ақ филиалдар және/немесе өкілдіктер болып табылмайтын өзге де оқшауланған бөлімшелер құруға құқылы *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен енгізілген)*.
7. Биржа Қазақстан Республикасының аумағындағы, сондай-ақ одан тыс жерлердегі заңды тұлғалардың ассоциациялары (одақтары) нысанындағы бірлестіктерге, қолданыстағы заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте, кіруге құқылы.
8. Биржаның, осы баптың 4-7 тармақтарында белгіленген құқықтар мен міндеттерден басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, өзге де құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

3 бап. Биржаның және оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Биржа өз мүлігі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.
2. Биржа өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Акционерлер Биржаның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және, өздеріне тиесілі Биржаның акцияларының құны шегінде, Қазақстан Республикасының заңшығарушы актілерінде қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, оның қызметіне байланысты шығындар тәуекеліне жауап береді.
3. Биржа мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те Биржаның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

4 бап. Биржаның орналасқан жері

Биржаның орналасқан жері оның атқарушы органының орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат.

(Осы бап Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)

5 бап. Биржаның қызмет ету мерзімі

Биржаның қызмет ету мерзімі шектелмейді.

6 бап. Биржаны дараландыру құралдары

1. Биржаның фирмалық атауы қазақ және орыс тілінде немесе қазақ, орыс және ағылшын тілінде жазылған мөрі бар.
Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Биржа өз қызметін аталмыш мөрді қолданбай-ақ жүзеге асыруға құқылы.
2. Биржа өзінің тауарлық белгілеріне (қызмет көрсету белгілеріне) және басқа да символикаға, сондай-ақ мөр табандардар, фирмалық бланкілер және Биржаны және оның қызметін дараландыратын өзге де құралдарға иеленуге құқылы.

2 тарау. БИРЖАНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

7 бап. Биржаның қызметінің мақсаттары

1. Коммерциялық ұйым ретінде Биржаның қызметінің негізгі мақсаты пайда табу болады.
2. Лицензиат ретінде Биржаның қызметінің негізгі мақсаты Биржа жүзеге асыратын қызметі шегінде жоғары сапалы қызметтерді үздіксіз ұсыну болып табылады.
3. Осы баптың 1 және 2 тармақтарында белгіленген мақсаттардан басқасын Биржаның органдары өз құзіреттіліктері шегінде анықтайды.

8 бап. Биржаның қызметінің түрлері

1. Биржаның қызметінің негізгі түрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының саудасаттығын ұйымдастыру болып табылады.
Биржаның қызметінің ілеспелі түрі қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызмет және банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыру бойынша қызмет болып табылады.
2. Биржа, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, осы баптың 1 тармағында белгіленген қызметтер түрінен басқа қызметтерді жүзеге асыруға құқылы.
3. Егер қандай да бір қызметтер түрін жүзеге асыру үшін қандай да бір лицензияның немесе басқа да рұқсаттардың бар болуы міндетті болса, Биржа тиісті лицензиялар (рұқсаттар) алғаннан кейін осыларға сәйкес қызметтерді жүзеге асыра алады.

9 бап. Биржа мүшелері

1. Биржа, қор биржасы бола тұрып, мүшелік жүйесіне негізделеді, демек, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында рұқсат етілген ерекшеліктерден басқа, оның қызметтерін тек Биржа мүшелері ғана пайдалануға құқылы.
2. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздармен және/немесе өзге де қаржы құралдарымен мәміле жасасуға құқылы кәсіби қатысушылар және басқа да заңды тұлғалар Биржа мүшесі бола алады.
Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сай, шетелдік заңды тұлғалар Биржа мүшесі бола алады.

3. Биржадағы мүшелік санаттары, Биржа мүшелері қатарына кіру шарттары мен тәртібі, Биржа мүшелерінің құқықтары және міндеттері, Биржа мүшелерінің мүшелігін уақытша және біржола тоқтатудың шарттары мен тәртібі ішкі құжаттарда анықталады.
4. Биржа мүшелерінің төлейтін кіру және мерзімдік жарналарының көлемі, төлеу тәртібі мее мерзімі, сондай-ақ Биржа мүшелерінің төлейтін алымдар мен өзге де сомалар Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.

3 тарау. БИРЖАНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРІ

10 бап. Биржаның жарғылық капиталы

1. Биржаның жарғылық капиталы оның қызметі қамтамасыз ету үшін арналады және Биржаның акцияларын орналастырғанда оларға төлеу арқылы қалыптасады.
2. Биржаның жарғылық капиталының минималды көлемі бойынша талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
3. Биржаның жарғылық капиталын ұлғайту, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, жарияланған акцияларды орналастыру арқылы жүзеге асыруға арқылы жүзеге асырылады.

11 бап. Биржаның акциялары

1. Биржа, меншіктенушілерге Биржаның акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және дауысқа салынатын барлық сұрақтар бойынша дауыс беруге, Биржаның таза пайдасы болған жағдайда дивиденд алуға құқық беретін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Биржа жойылған кезде Биржаның мүлгінің бір бөлігін алуға құқық беретін, тек жай акцияларды шығарады.
2. Биржаның жарияланған акцияларының саны туралы мәліметер оның акцияларының шығарылым аңдатпасында мазмұндалып, Биржа акцияларының шығарылым аңдатпасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінде көрсетіледі.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерекшеліктерден басқа, Биржаның акцияларын орналастырғанда немесе Биржа кері сатып алған акцияларды сатқанда төлемдер тек қазақстандық теңгемен жүзеге асырылады.
4. Биржаның "алтын акциясы" болады, ол Биржаның жарғылық капиталын қалыптастыруға қатыспайды және дивиденд алуға құқық бермейді.

Биржаның "алтын акциясының" иегері болып табылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, валюталық реттеу және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу сұрақтары бойынша акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасының шешімдеріне тыйым салуға құқылы.

Биржаның "алтын акциясымен" расталатын, тыйым салу құқығы басқаға берілмейді.

12 бап. Биржаның акциялары бойынша дивидендтер

1. Биржаның таза пайдасы болған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен осындай төлемдерге тыйым салынбаған болса, өз акциялары бойынша дивидендтер есептеп, төлейді.

2. Биржа акциялары бойынша дивидендтер тек қаржылық жылдың қорытындысы бойынша ғана есептеліп, төленеді. Биржа акциялары бойынша қандай да бір басқа қорытындылар немесе кезеңдерге дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
3. Биржа акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.
Биржаның жылдық жалпы жиналысы Биржа акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
4. Биржаның бір акциясына дивиденд мөлшері Биржаның дивидендтік саясатына сәйкес есептеледі және оның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында бекітіледі *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.

13 бап. Биржаның акционерлері

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі белгіленбесе, кез келген тұлғалар, соның ішінде жеке тұлғалар Биржаның акционері бола алады.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен бір акционерге немесе акционерлердің тобына тиесілі Биржаның орналастырылған акцияларының жалпы санындағы үлес мөлшеріне шектеу қойылуы мүмкін.
3. Биржаның акционерлері, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес, Биржа акционерлерінің құқықтары мен міндеттеріне ие:
 - 1) Биржаның акционерлері, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте, оның басқаруына қатысады;
 - 2) Биржаның акционерлері, осы Жарғыда белгіленген тәртіпте, Биржаның қызметі туралы ақпараттарды алып отырады, соның ішінде Биржаның қаржылық есеп берушілігімен танысады;
 - 3) Биржа акционерлеріне Биржа акцияларын (Биржамен жарияланған акцияларды орналастыру немесе бұрын кері сатып алынғандарды сату) артықшылықты сатып алу құқығын пайдалану туралы ұсыныс, Биржа акционерлерінің назарына осы Жарғының 21 бабында белгіленген тәртіпте жеткізіледі;
 - 4) Аффилиирленген тұлға болып табылатын, Биржаның акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осы Жарғының 22 бабында белгіленген тәртіпте Биржаға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуірінде болып өткен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен өзгертілді)*.

4 тарау. БИРЖАНЫ БАСҚАРУ. БИРЖА МЕН ОНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

14 бап. Биржаның органдары

1. Биржаның органдары болып табылады:
 - 1) жоғарғы орган – Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы);
 - 2) басқару органы – Биржаның Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі);

- 3) атқарушы орган – Биржа Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма);
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де органдар.
2. Биржаның ішкі құжаттарында, оның қызметтік құжаттамасында, қызметтік хат- алмасуында және жарияланымдарында Директорлар кеңесінің екінші атауы ретінде "Биржалық кеңес" атауы қолданылуы мүмкін.

15 бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

1. Биржа жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізеді.
Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіне міндетті түрде енгізілетін сұрақтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларынан шыға отырып, анықталады.
Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысынан басқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстарын өткізе алады.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіреттілігіне мынадай сұрақтар бойынша шешім қабылдау жатқызылады:
 - 1) осы Жарғыға немесе Биржаның жаңа редакциядағы жарғысына енгізілетін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 2) Биржаның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ осы кодекске енгізілетін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 2-1) артықшылықпен сатып алу құқығын қолданусыз, Биржаның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Биржаның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын анықтау *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен енгізілген)*;
 - 3) Биржаны ерікті қайта ұйымдастыру немесе жою;
 - 4) Биржаның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Биржаның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту
 - 5) Биржаның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ осынлай шарттар мен тәртіптерді өзгерту;
 - 6) Биржаның жай акциясына айырбасталатын, Биржаның бағалы қағаздарын шығару;
 - 6-1) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау, осындай айырбастаудың талаптарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен енгізілген)*;
 - 6-2) акцияларды бөлшектеу, осындай бөлшектеудің талаптарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен енгізілген)*;
 - 6-3) өтеу мерзімі белгіленбеген мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымы және оларды шығару талаптарын анықтау *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен енгізілген)*;
 - 7) Биржаның есептік комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату;

- 8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; сондай-ақ сыйақының мөлшері мен төлеу мерзімін анықтау және Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындауға арналған шығыстарды өтеу *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген);*
 - 9) Биржаның қаржылық есеп берушілігіне аудит жүргізу мақсатында аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 10) Биржаның аудиттен өткен жылдық қаржылық есептілігін бекіту *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген);*
 - 11) Биржаның есептілік қаржылық жылға таза пайдасын бөлу тәртібін бекіту, Биржаның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Биржаның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемін бекіту;
 - 12) Биржаның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу;
 - 13) Биржа акцияларының ерікті делистингі;
 - 14) Құны (жиынтық құны) Биржаға тиесілі барлық активтердің жалпы құнынан 25 және одан аса пайызын құрайтын, активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы, Биржаның қандай да бір заңды тұлғаны құруына немесе оның қызметіне қатысу немесе қандай да бір заңды тұлғаның қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу;
 - 15) өз акционерлеріне Биржаның акционерлердің жалпы жиналысын шақырту туралы хабарлама нысанын анықтау және осындай акцпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
 - 16) Биржа өз акцияларын ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында кері сатып алғанда, Биржа акцияларының құнын анықтау әдістемесін бекіту, сондай-ақ осы әдістемеге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу;
 - 17) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 18) "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;
 - 18-1) Биржаның, мәміле туралы шешім қабылданған күні, нәтижесінде Биржа активтерінің жалпы баланстық құнының 50 және одан да көп пайызын құрайтын, Биржа мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынатын немесе иеліктен шығарылған) мүліктің алынуы мүмкін, нәтижесінде, Биржаның активтерінің жалпы баланстық құнының 50 немесе одан аса пайызын сатып алынған немесе сатылған (сатып алынуы немесе жойылуы мүмкін), ірі мәміле жасасуы *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2016 жылдың 25 мамырында болып өткен жалпы жиналысының шешімімен енгізіліп, 2017 жылдың 25 мамырында болып өткен жалпы жиналысының және 2020 жылдың 13 сәуірінде болып өткен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімдерімен өзгертілген);*
 - 19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіреттілігіне жатқызылатын сұрақтар бойынша шешім қабылдау.
3. Осы баптың 2 тармағының 2)-4) және 16) тармақшаларында белгіленген сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Биржаның дауыс беретін акциялардың білікті көпшілігімен (төрттен үш бөлігінен кем емес) қабылданады.

Қазақстан Республикасының заңшығарушы актілерінде өзгесі белгіленбесе, басқа сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері, дауыс беруге қатысатын, Биржаның дауыс беретін жай акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы Биржа органдарының Биржаның ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша өз құзіреттілігінен асыра қабылдаған шешімдерін жоюға құқылы.
5. Қазақстан Республикасының заңшығарушы актілерінде өзгесі белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша Биржаның басқа органдарының құзіреттілігі аясына ауыстырылмайды.
6. Акционерлердің жалпы жиналысы, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес, шақыртылады, дайындалады және өткізіледі, бұл ретте:
 - 1) Биржаның акционерлері және Биржаның "алтын акциясының" иесі акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы осы Жарғының 21 бабында белгіленген тәртіпте хабарланады;
 - 2) Акционерлердің өкілдерінен, Биржа Басқармасының мүшелерінен және Биржа қызметкерлерінен басқа, жалпы жиналысты өткізуді ұйымдастыруға қажетті және күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша түсініктеме беруге қажетті тұлғалар акционерлердің жалпы жиналысында арнайы шақырусыз, тек акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен берілген рұқсатымен осы жалпы жиналысқа қатысуға құқылы;
 - 3) осы баптың 2-тармағының 3)-4) және 16) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға тыйым салынады *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуірінде болып өткен кезектен тыс жалпы жиналысының және Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*;
 - 4) Биржаның акционерлері және "алтын акцияның" иесі, осы Жарғының 21 бабында белгіленген тәртіпте, акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы туралы хабардар етіледі *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2019 жылдың 30 мамырында болып өткен жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.
 - 5) Биржа акционерлері, қоғамның ішкі құжаттарында анықталған байланыс құралдарын қашықтықтан қолдана отырып, акционерлердің жалпы жиналысына жеке қатысуға құқылы *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2019 жылдың 30 мамырында болып өткен жалпы жиналысының шешімімен енгізілген)*.

16 бап.

Директорлар кеңесі және оның құзіреттілігі

1. Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешім қабылдаудан басқа, Биржаның қызметіне жалпы жетекшілік етеді.
2. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында өзгесі белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзіреттілігіне мынадай сұрақтар бойынша шешім қабылдау жатқызылады:
 - 1) Биржа қызметінің приоритеттік бағыттарын және оның даму стратегиясын анықтау немесе – Қазақстан Республикасының

- заңшығарушы актілерімен қарастырылған жағдайларда – Биржаның даму жоспарларын бекіту;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақырту, оның күн тәртібін қалыптастыру, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын анықтау (акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізумен, сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы) акционерлердің жалпы жиналысының күнін, уақытын, орнын белгілеу, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін құрастыру күнін анықтау, өткізілмей қалған жалпы жиналыстың орнына қайталама жалпы жиналысты өткізу датасын, уақытын және орнын белгілеу;
 - 3) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы шегінде Биржаның акцияларын орналастыру (өткізу), соның ішінде Биржаның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының санын анықтау *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген);*
 - 3-1) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Биржаның акцияларын немесе Биржаның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен енгізілген);*
 - 4) алдында орналастырған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарды кері сатып алу, оларды кері сатып алу бағасын ағықтау;
 - 5) Биржаның жылдық қаржылық есеп берушілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағиданы (қағидаларды) бекіту, сондай-ақ осы қағидаға (қағидаларға) өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу;
 - 6-1) Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін, соның ішінде сарапшыларды, сайлау және олардың өкілеттік мерзімдерін анықтау; Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерінің, соның ішінде сарапшылардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; Директорлар кеңесі комитеттерінің сарапшыларына – сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2017 жылдың 29 қарашасында болып өткен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен енгізілген);*
 - 7) Биржаның облигацияларын немесе туынды бағалы қағаздарын шығару, оларды шығару шарттарын анықтау;
 - 8) Басқарманың сандық құрамын және өкілеттілік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және Басқарманың басқа мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату, қызметақылардың көлемін және Басқарма Төрағасының және Басқарманың басқа мүшелерінің еңбегіне және сыйақы төлеу тәртібін анықтау;
 - 9) Биржаның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын және өкілеттілік мерзімін анықтау, Биржаның Ішкі аудит қызметінің жетекшісін және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату, Биржаның Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Биржаның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің еңбегіне және сыйақы төлеу тәртібін анықтау;
 - 9-1) Биржаның Комплаенс қызметінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, Биржаның Комплаенс қызметінің басшысы мен мүшелерін

- тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; Биржаның Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін; Биржаның Комплаенс-қызметі қызметінің қызметкерлеріне сыйақы мен сыйлықақылардың мөлшерлері мен талаптарын айқындау *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен енгізілген)*;
- 10) Биржаның корпоративтік хатшысын тағайындау және өкілеттілік мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату; Биржаның корпоративтік хатшысының қызментақысының көлемін және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - 11) Биржаның қаржылық есеп берушілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның және, Биржаның акциялары төлеу үшін берілген немесе ірі мәміленің заты болып табылатын мүліктің бағасын (нарықтық бағасын) қызметіне төлем мөлшерін анықтау;
 - 12) Биржаның ішкі құжаттарын (Басқарманың қарауындағы, Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің жұмысы ұйымдастыру мақсатында, Басқармамен бекітілетін, құжаттардан басқа), соның ішінде Биржаның бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукциондар өткізу шарттары мен тәртібін орнататын, Биржаның ішкі құжаттарын, сондай-ақ осы құжаттарға енгізілетін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 13) Биржаның филиалдарын және өкілеттіліктерін ашу, Биржаның филиалдары мен өкілеттіліктері туралы қағидаларды, сондай-ақ осы қағидаларға енгізілетін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 14) Биржаның басқа заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталындағы үлестерінің) жалпы санындағы 10 және одан аса пайызын құрайтын, осы заңды тұлғаның акцияларын (жарғылық капиталында қатысу үлесін) Биржа сатып алуы (сатуы);
 - 15) Басқа заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталындағы үлестерінің) жалпы санындағы 10 және одан аса пайызы Биржаға тиесілі, осы заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзіреттілігіне жатқызылатын, сұрақтар;
 - 16) Биржаның міндеттемелерінің, оның меншікті капиталының 10 және одан аса пайызын құрайтын, көлемде ұлғаюы;
 - 17) Биржа және оның қызметі туралы ақпараттардың қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпия бюлып саналатынын анықтау;
 - 18) ірі мәмілелерді қоспағанда, Биржаның ірі мәмілелер жасасуы және мүдделі мәмілелер жасасуы, осы Жарғының 15 бабы 2 тармағының 18-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының басқа ережелеріне сәйкес, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысымен қабылданады *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2017 жылдың 25 мамырындағы жалпы жиналысының және 2020 жылдың 13 сәуіріндегі кезектен тыс жалпы жиналысының шешімдерімен өзгертілген)*;
 - 19) Биржаның жылдық бюджеттерін бекіту, сондай-ақ осы бюджеттерге енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар;
 - 20) Директорлар кеңесінің жұмыс регламентін, сондай-ақ осы регламентке енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 21) Биржа мүшелігіне қабылдау және Биржа мүшелігінен шығару;

- 22) Биржаның өз қызметін жүзеге асыру шегінде алынатын (Басқармамен анықталатын, біржолғы, жалпы қолданыстағы емес, Биржа қызметтеріне төленетін алымдар мен өзге сомалардың мөлшерін, төлеу тәртібінен басқа), жарналар, алымдар және өзге де сомалардың мөлшерін, төлеу тәртібін және мерзімдерін анықтау;
 - 23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Биржаның ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесінің айрықша құзіреттілігіне жатқызылған өзге де сұрақтар бойынша шешім қабылдау.
3. Директорлар кеңесі осы баптың 2 тармағында тізілген сұрақтардан басқа, кез келген, оны қарауына шығарылған (Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе осы Жарғымен және/немесе Биржаның ішкі құжаттарымен акционерлердің жалпы жиналысының, Басқарманың және Басқарма Төрағасының құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдер қабылдаудан басқа) өзге де сұрақтарды қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
 4. Директорлар кеңесінің айрықша құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдерді қабылдау, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңшығарушы актілерінде қарастырылмаса, Биржаның басқа органдарының құзіреттілік аясына берілмейді.
 5. Директорлар кеңесі осы Жарғымен Басқарманың құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқы жоқ.
 6. Осы Жарғымен тыйым салу құқығы орнатылған, сұрақтар бойынша Директорлар кеңесінің қабылдайтын шешімдері Биржаның "алтын акциясының" иесі Ұлттық Банкімен келісуге жатады

17 бап.

Директорлар кеңесінің құрамы

1. Тек жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.
2. Осы баптың 4 тармағынан туындайтын ерекшеліктен басқа, Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын, тұлға өзге тұлғаларға өзіне, Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Жарғыға сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жүктелген функцияларын атқаруға және (Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде берілген) өкілеттілігін пайдалануға беруге құқы жоқ.
3. Директорлар кеңесінің құрамына тұрақты негізде дауыс беру құқығымен кіреді:
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес және Биржаның "алтын акциясы"-ның иесі ретінде, Ұлттық Банктің өкілі (өкілдері) *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуіріндегі кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*;
 - 1-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қаржы нарығын және қаржы ұйымдары реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілдері (өкілдері) *(осы тармақша Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуіріндегі кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен енгізілген)*;
 - 2) Басқарма Төрағасы (лауазымы бойынша).
4. Ұлттық Банк және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган өздері белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және "алтын акция" иесі ретінде Ұлттық банкті, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау

жөніндегі уәкілетті органды өкілдейтін, Директорлар кеңесінің мүшесін (мүшелерін), сондай-ақ (қажет болған жағдайда) Директорлар кеңесінің осындай мүшесі (мүшелері) болмаған кезде орнын басуға құқығы бар тұлғаны (тұлғаларды) анықтайды.

Ұлттық Банк пен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Биржаға, осы тармақтың бірінші абзацынан туындайтын, мәліметтерді ұсынады.

(Осы тармақ Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуірінде болып өткен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)

5. Осы баптың 3 тармағында белгіленгеннен басқа, Директорлар кеңесінің мүшелері мыналар арасынан сайланады:
 - 1) Биржаның акционерлері – жеке тұлғалар;
 - 2) Биржа акционерлерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлануға ұсынылған (нұсқалған), тұлғалар;
 - 3) Биржа акционерлері болып табылмайтын, Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына Биржаның тәуелсіз директоры ретінде ұсынылған (нұсқалған), тұлғалар.
6. Басқарма Төрағасынан басқа, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайды.

Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
7. Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлануға ұсынылған (нұсқалған), тұлғалар және Директорлар кеңесінің лауазымына сайланған, тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сай болуы тиіс, сондай-ақ (акцияонерлердің жалпы жиналысының пікірі бойынша) Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын, Биржаның қызметіне қатысты басқа да қолданымды Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарын жетік білуі тиіс.
8. Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен (шешімдерімен) анықталады.
9. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес, жүзеге асырылады.
10. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымдарына сайланған тұлғалардың қайта сайлану мүмкіндігі шектелмейді *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.
11. Директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату және, өкілеттіліктері мерзімнен бұрын тоқтатылған Директорлар кеңесінің мүшелерінің орнына жаңа Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18 бап.

Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру

1. Директорлар кеңесінің жұмысы, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына

сәйкес, осы баптың 2-14 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, ұйымдастырылады.

2. Директорлар кеңесі өзінің төрағасын және, Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған кезде орнын басатын, тұлғаларды сайлайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы және, Директорлар кеңесінің төрағасының ол болмаған кезде орнын басуға құқылы, тұлғалар, Директорлар кеңесінің мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы жалпы дауыстардың көпшілігімен сайланады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмыс регламентіне сәйкес Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді және, осы Жарғыда анықталған, өзге функцияларды атқарады.

3. Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетіні туралы жазбаша хабарламалар, осы отырыстың күн тәртібіндегі сұрақтардың материалдары қосымша ретінде беріліп, Директорлар кеңесінің мүшелеріне және, Биржаның "алтын акциясының" иесі ретінде, Ұлттық Банкке осы отырыс өтетін күннің алдында кемінде бес жұмыс күн бұрын жолданады, Биржаның ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің отырысы туралы хабарламаны жолдаудың басқа мерзімдері орнатылған жағдайлардан басқа және Директорлар кеңесімен сұрақтарды дереу қарауды талап ететін жағдайда Директорлар кеңесінің отырысы туралы хабарлама жолдау мерзімі қысқартылып, бес жұмыс күннен кем болуы мүмкін.

Директорлар кеңесімен сұрақтарды дереу қарауды талап ететін жағдайды Директорлар кеңесінің Төрағасы, Басқарма немесе, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан үштен бір бөлігінен кем емесін құрайтын, Директорлар кеңесінің мүшелері анықтайды.

4. Биржаның ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің отырыс кворумына немесе оның мүшелерінің сырттай дауыс беруіне күшейтілген талаптар қойылған жағдайлардан басқа жағдайларда, Директорлар кеңесінің отырысына немесе сырттай дауыс беруге Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан кемінде жартысы қатысса (соның ішінде осы баптың 8 және/немесе 9 тармағында белгіленген тәртіте), Директорлар кеңесі, оның қарауына ұсынылған сұрақтарды қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

5. Директорлар кеңесінің отырысы жүргізіледі:

- 1) Директорлар кеңесінің төрағасымен;
- 2) (Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда), Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған кезде орнын басуға құқылы, тұлғалардың бірімен;
- 3) (Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған кезде орнын басуға құқылы тұлға болмаған жағдайда) Директорлар кеңесімен осы мақсатта сайлаған, Директорлар кеңесінің кез келген мүшесімен.

6. Директорлар кеңесінің отырысын өткізгенде оның шешімдері, Биржаның ішкі құжаттарына немесе Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелері жеке бюллетеньдер бойынша дауыс беруі тиіс жағдайлардан басқа кезде, ашық дауысқа салу арқылы қабылданады.

7. Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген кезде, оның шешімдері, Биржаның ішкі құжаттарында кейбір сұрақтар бойынша шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының санынан ерекше шарттар және/немесе күшейтілген талаптар қойылған жағдайларды қоспағанда, осы отырысқа қатысқан және, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, осы шешімдерді қабылдауда дауыс беруге құқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы

санынан қарапайым көпшілігімен (соның ішінде, осы баптың 8 және/немесе 9 тармағында белгіленген тәртіпте) қабылданады.

Дауыстардың саны тең болған жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып саналады.

8. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қашықтан қатысуға құқылы (сұхбаттанушыны сәйкестендіруге және сонымен қатар нақты уақыт тәртібінде ақпаратты екі жаққа жеткізуге, өңдеуге, қайта өңдеуге және ұсынуға мүмкіндік беретін, телекоммуникациялық немесе ақпараттық технологияларды қолдану арқылы), осылай қатысу, осы отырысқа қатысып отырған, Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің ешқандай күмәнін келтірмеуі шарт.

Директорлар кеңесінің отырысына қашықтан қатысып отырған, Директорлар кеңесінің мүшелері, осы отырыстың кворумын анықтауда ескеріліп, ал олардың дауыстары, осы отырысқа қатысып отырған, Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарын санағанда есепке алынады. Бұл ретте, осы отырыстың хаттамасына осылай қатысу амалы туралы жазба енгізіледі.

9. Директорлар кеңесінің отырысына тұлғалы немесе қашықтан қатыса алмаған, Директорлар кеңесінің мүшесі осы отырыстың күн тәртібіндегі сұрақтардың барлығы немесе кейбіреуі бойынша алдын ала дауыс беруге құқылы.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша алдын ала дауыс берген, Директорлар кеңесінің мүшелері, осы отырыстың кворумын анықтағанда ескеріліп, ал олардың алдын ала берген дауыстары, осы отырысқа қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелерінің дауыстарын санағанда ескеріледі, бұл ретте, осы отырысқа қатысқан Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің пікірі бойынша, осы дауыстар бір мағыналы, дәлелденетіндей болуы тиіс. Мұнда осы отырыстың хаттамасына осындай дауыс беру амалы туралы жазба енгізілуі тиіс.

10. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы шешім қабылдауға құқылы, бұл ретте:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беру туралы хабарламалар және осындай дауыс беруге арналған бюллетеньдер жолданады ("Директорлар кеңесінің мүшелерінің сырттай дауыс беруге шығарылған, әр сұраққа жеке бюллетень" есебінен);

- 2) Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруін өткізу тәртібі Директорлар кеңесінің жұмыс регламентімен анықталады;

- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерде қалыптасқан шешімдердің, егер осы шешімге Директорлар кеңесінің мүшелері сырттай дауыс беру туралы хабарлама алғаннан кейін, үш жұмыс күн аралығында Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан жартысынан көбі дауыс берген жағдайда, Биржаның ішкі құжаттарында кейбір сұрақтар бойынша шешім қабылдағанда Директорлар кеңесінің дауыстарына ерекше шарттар және/немесе күшейтілген талаптар қойылатын жағдайлардан басқа кезде, заң күші бар; дауыстар саны тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып саналады;

- 4) мүшелері сырттай дауыс беруі арқылы қабылданған, Директорлар кеңесінің шешімі жазбаша түрде рәсімделіп, Директорлар кеңесінің төрағасы (ол болмаған кезде – Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған кезде, оның орнын басуға құқылы, тұлғалардың бірі) және Биржаның корпоративтік хатшысы (ол болмаған кезде – Биржаның корпоративтік хатшысы болмаған кезде, оның орнын басуға құқылы, тұлғалардың бірі) қол қояды;

- 5) Биржа Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың сырттай дауыс беруінің қорытындылары туралы, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген тәртіп пен мерзімде, хабарлайды.
11. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімімен (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы қабылданған, Директорлар кеңесінің шешімі) келіспеген жағдайда, оның ерекше пікірі Директорлар кеңесінің хаттамасына енгізілгенін талап етуге құқылы. Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірі, сондай-ақ, осы мүшенің өзімен жазбаша мазмұндалып, Директорлар кеңесінің тиісті отырыс хаттамасына (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы қабылданған, Директорлар кеңесінің шешіміне) міндетті қосымша құжат болып табылады.
12. Директорлар кеңесі Биржаның корпоративтік хатшысын, сондай-ақ Биржаның корпоративтік хатшысы болмаған кезде орнын басуға құқылы, тұлғаларды тағайындайды.
- Биржаның корпоративтік хатшысының лауазымына кандидатқа және Биржаның корпоративтік хатшысына қойылатын талаптар, Директорлар кеңесімен бекітілген, Биржаның корпоративтік хатшысы туралы қағидада анықталады. Аталмыш қағидада Биржаның корпоративтік хатшысының негізгі мақсаттары мен функциялары, оның құқытары мен жауапкершілігі белгіленеді.
13. Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларынан шыға отырып, өз комитеттерін құрады. Директорлар кеңесінің комитеттерін қадыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың мақсаттары мен құзіреттілігі, Директорлар кеңесімен бекітілетін, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидада (қағидаларда) анықталады.
- Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын сұрақтарды алдын ала зерттеу, нұсқауларды дайындау немесе осы сұрақтар бойынша тұжырымдамаларды әзірлеу және басқа да мақсаттарда, Директорлар кеңесі комитеттерден басқа, өзінің тұрақты және уақытша органдарын құруға құқылы. Осындай органдардың жұмыс тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды.
14. Өз жұмысы ұйымдастыру мақсатында Директорлар кеңесі оның регламентін бекітіп, Директорлар кеңесінің процедураларын анықтайды, соның ішінде:
- 1) Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды дайындау шарттары мен тәртібі;
 - 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын және оның мүшелерінің сырттай дауыс берулерінің шарттары мен тәртібі;
 - 3) Директорлар кеңесінің мүшелері өз функцияларын жүзеге асыруының шарттары мен тәртібі, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттері.

19 бап.

Басқарма

1. Басқарма, Биржаның ағымдағы қызметіне жетекшілік ететін, Биржаның алқалы атқарушы органы болып табылады.
2. Басқарма, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Басқарма Төрағасының айрықша құзіреттілігіне жатқызылмаған, Биржаның қызметіне қатысты кез келген сұрақтар бойынша шешім қабылдауға құқылы. Сондай-ақ, Басқарма, Қазақстан Республикасының заңнамасымен

және/немесе Биржаның ішкі құжаттарымен Басқарманың құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдер қабылдайды.

3. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
4. Басқарма Басқарма Төрағасынан, Басқарма Төрағасының орынбасарларынан және Директорлар кеңесінің шешімімен Биржаның басқа да қызметкерлерден тұрады. Басқарма құрамына кіретін тұлғалар, оның мүшелері болып табылады.

Басқарманың сандық құрамы мен Басқарманың өкілеттілік мерзімі Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

5. Басқарма мүшесі лауазымына сайлауға тұспалданатын, тұлғалар және, Басқарма мүшесі лауазымына сайланған, тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.
6. Басқарманың барлық немесе жеке бір мүшесінің өкілеттілігі Директорлар кеңесінің шешімімен (шешімдерімен) мерзімнен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
7. Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай шақыртылады.

Басқарма отырысы Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшесінің, Басқарма Төрағасының міндетін атқарушысының, несіне Басқарманың кез келген басқа екі мүшесінің бастамасымен шақыртылуы мүмкін.

Басқарма отырысын Басқарма Төрағасы немесе Басқарма Төрағасының міндеттерін атқаратын, Басқарма мүшесімен жүргізіледі.

8. Басқарма оның қарауына енгізілген мәселелерді қарауға және, егер Басқарма отырысына Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.
9. Басқарма өз қызметін мынадай тәсілдермен шешімдер қабылдау арқылы жүзеге асырады:

- 1) Басқарма мүшелерінің отырыста (күндізгі отырыста) дауыс беруі;
- 2) Басқарма мүшелерінің отырысқа қашықтан қатысуы (әңгімелесушіні сәйкестендіруді және бір мезгілде екі жақты ақпаратты нақты уақыт режимінде беруді, өңдеуді, түрлендіруді және ұсынуды қамтамасыз ететін телекоммуникация немесе ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы) Басқарманың осы отырысқа қатысатын басқа мүшелерінің арасында мұндай қатысу күмән тудырмайды;
- 3) Басқарма мүшелерінің сырттай шешімі бойынша (сауалнама арқылы сырттай отырыс).

Басқарма отырысына қашықтықтан қатысатын Басқарма мүшелері осы отырыстың кворумын анықтау кезінде, ал олардың дауыстары осы отырысқа қатысушы Басқарма мүшелерінің дауыстарын санау кезінде ескеріледі. Бұл ретте қатысудың мұндай әдісі туралы жазба осы отырыстың хаттамасына енгізілуі тиіс.

(Осы тармақ Биржа акционерлерінің 2023 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)

10. Осы Жарғымен тыйым салу құқығы қарастырылған сұрақтар бойынша шешім қабылдағанда, Биржаның "алтын акциясының" иесі ретінде Ұлттық Банкпен келісуге жатады.
11. Басқарма шешімдері отырыстарға қатысқан Басқарма мүшелерінің барлығы қол қоюы тиіс және дауыс беруге қойылған мәселелерді, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын қамтитын, әр мәселе бойынша Басқарманың

әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілетін хаттамалармен ресімделеді *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.

12. *(Осы тармақ Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен алынып тасталған)*.

20 бап.

Басқарма Төрағасы. Басқарманың басқа мүшелері

1. Биржаның Басқарма Төрағасы оның лауазымды тұлғасы болып табылады және Басқармаға басшылық етеді *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2024 жылдың 30 мамырдағы болып өткен жылдық жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.
2. Басқарма Төрағасы:
 - 1) акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
 - 2) Биржаның атынан сенімхатсыз үшінші жақтармен қарым-қатынаста әрекет етеді;
 - 3) үшінші жақтармен қарым-қатынастарда Биржаны өкілдеуге құқық беретін сенімхаттар береді;
 - 4) Биржаның қызметкерлерін (Басқарма мүшелері мен Директорлар кеңесінің басқаруындағы Биржаның өзге қызметкерлерінен басқа) жұмыс қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға қатысты марапаттау және тәртіптік жаза қолдану шараларын қолданады, Биржаның штаттық кестесіне сәйкес, Биржа қызметкерлерінің лауазымдық қызметақыларының көлемін және лауазымдық қызметақыларына үстемақыларды белгілейді, Биржа қызметкерлерінің (Басқарма мүшелері мен Директорлар кеңесінің басқаруындағы Биржаның өзге қызметкерлерінен басқа) сыйақыларының көлемін анықтайды;
 - 5) өзі болмаған кезде өз міндеттерін Басқарма Төрағасының орынбасарларының біріне жүктейді;
 - 6) міндеттерді, сондай-ақ Басқарма мүшелері арасында өкілеттілік және жауапкершілік аясын бөледі;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, Биржаның мүлігіне қожалық етеді;
 - 8) Биржаның ішкі құжаттарымен оның құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдер қабылдайды;
 - 9) акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған, өзге де функцияларды атқарады.
3. Басқарма Төрағасының шешімдері бұйрықтармен және өкімдермен ресімделеді.
4. Басқарма Төрағасының орынбасарлары және Басқарманың басқа да мүшелері, Басқарма Төрағасымен бекітілген Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, өкілеттілік аясы және жауапкершілікті бөлу сызбасына сәйкес, әрекет етеді.

21 бап.

Биржа акционерлеріне оның ақпараттарын ұсыну

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жататын, Биржаның қызметі туралы ақпаратты

жариялау үшін Биржамен қолданылатын бұқаралық ақпарат құралы – Биржаның www.kase.kz интернет-ресурсы болып табылады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысы тура хабарламаны Биржа осы баптың 1 тармағында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде, қазақ және орыс тілдерінде жариялайды *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2019 жылдың 30 мамырында болып өткен жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.

Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда, Биржа өз акционерлеріне және Ұлттық Банкке (Биржаның "алтын акциясының" иесі ретінде) акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жеке жазбаша хабарламалар жолдау арқылы хабарлайды.

3. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары мен сырттай дауыс беру қорытындылары, осы баптың 1 тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жариялау арқылы, олардың назарына жеткізіледі *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2019 жылдың 30 мамырында болып өткен жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.

4. Биржаның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі Биржа акционерлеріне Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты материалдар ретінде ұсынылады, ал есеп осы жиналыстың шешімімен бекітілгеннен кейін Биржа тарапынан осы баптың 1-тармағында айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жарияланады *(осы тармақ Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының 2019 жылдың 30 мамырындағы және 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

5. Осы баптың 2-4 тармағында көрсетілгеннен басқа, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес, Биржа акционерлеріне Биржа қызметі туралы, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысын дайындау аясында (акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ретінде) берілетін басқа да ақпарат, осы ақпаратты осы баптың 1 тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы, Биржа акционерлерінің назарына жеткізіледі *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2019 жылдың 30 мамырында болып өткен жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.

Биржа өзінің ірі акционерлеріне, Биржаның мүшесі болып табылатын оның акционерлеріне және Ұлттық Банкке (Биржаның "алтын акциясының" иесі ретінде) аталмыш ақпаратты жеке хабарламалар жолдау арқылы жеткізуге құқылы.

6. Егер Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес қандай да бір ақпарат Биржаның корпоративтік уақиғалар туралы ақпарат деп немесе Биржа акционерлерінің мүдделерін қозғайтын деп мойындалып, акционерлердің жалпы жиналысында осы ақпарат жарияланса, осы ақпаратты әрі қарай Биржаның акционерлеріне жариялау қажет емес.

7. Егер Биржа өз акционерлеріне жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі материалдарды қағаздағы немесе өзге де тасымалдағышта өз бастамасымен жолдаса, осындай материалдарды жасауға және оларды Биржа акционерлеріне жеткізуге шыққан шығындарын Биржа өзі көтереді.

Егер Биржа акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі материалдарды қағаздағы немесе өзге де тасымалдағышта кейбір

акционерлердің сауалы бойынша жолдаса, осындай материалдарды жасауға және оларды осы акционерлерге жеткізуге шыққан шығындарды (осы баптың 11 тармағында белгіленген ерекшелікті қоспағанда) Биржа өзі көтереді.

8. Биржа өз акционерінің талабы бойынша, осы баптың 10 тармағында белгіленген тәртіпте, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңымен қарастырылған құжаттардың көшірмелерін береді. Осындай көшірмелерді дайындауға және осы акционерге жеткізуге шыққан шығындарды (осы баптың 11 тармағында белгіленген ерекшелікті қоспағанда) Биржа өзі көтереді.

Басқарма өз шешімімен Биржа акционерлеріне, қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын ақпаратты мазмұндайтын, құжаттардың көшірмелерін және/немесе құжаттардың көшірмелерінің бір бөліктерін ұсынуға шектеу қоюға құқылы.

9. Биржа өз акционерінің талабы бойынша, осы баптың 10 тармағында белгіленген тәртіпте, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты мазмұндайтын, Биржаның бағалы қағаздарының шығарылымын, орналастыруын, айналыста болуын және айырбасталуын реттейтін құжаттарды ұсынады.
10. Осы баптың 8 және 9 тармақтарында белгіленген, Биржа акционерлерінің талаптары Биржаға жазбаша түрде Басқарма Төрағасының атына беріліп, талап етілетін құжаттардың (құжаттардың көшірмелерінің) атаулары туралы мәліметтер мазмұндалады.

Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында басқа мерзім белгіленбеген болса, Биржа өз акционерінен оған қандай да бір құжаттарды (құжаттардың көшірмесін) ұсыну туралы талабын алғаннан кейін 10 күнтізбелік күн аралығында, осы талап етілген құжаттардың (телеп етілген құжаттардың көшірмесін) ұсынады немесе осы баптың 8 тармағының екінші абзацында қарастырылған негіз бойынша ұсынадан бас тартады.

11. Егер Биржа акционерлерінің сауалдары (талаптары) бойынша материалдарды (құжаттардың көшірмелерін) дайындау және оларды осы баптың 4 және/немесе 8 тармағының екінші абзацына сәйкес акционерлерге жеткізу Биржаның жылдық бюджетінің тиісті баптары бойынша рұқсат етілген мәндерден асса, Басқарма өз шешімімен осындай материалдарды (құжаттардың көшірмелерін) дайындауға және оларды осы акционерлерге жеткізу үшін ақы төлеуді енгізуге құқылы. Бұл ретте ақының көлемі Биржаның осындай материалдарды (құжаттардың көшірмелерін) дайындауға және осы акционерлерге жеткізуге шыққан шығындарынан аспауы тиіс.

22 бап.

Биржаға ірі акционерлердің және Биржаның лауазымды тұлғаларының аффилиирленген тұлғалары, Биржаның мүдделі мәміле жасасуы туралы ақпараттарды ұсыну *(осы тақырыптама Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуіріндегі кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*

1. Биржа өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін, осы тұлғалардың және Биржаның тіркеушісінің ұсынған мәліметтеріне негізделе отырып, жүргізеді *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуіріндегі кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.
2. Ірі акционер немесе Бирданың лауазымды тұлғасы өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуіріндегі кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.

Аталған ақпарат бастапқыда осы Жарғы бекітілген күннен бастап жеті күн ішінде Биржаға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, акционерлік қоғамдардың аффилиирленген тұлғаларының тізімдерін ұсыну үшін арналған нысан бойынша, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ұсынылуы тиіс *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуіріндегі кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.

Көрсетілген тізімдерде қанжай да бір өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілгенде, ірі акционер немесе Биржаның лауазымды тұлғасы осындай өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап жеті күн аралығында осы туралы хабарлауға міндетті .

3. Директорлар кеңесі Биржаның мүддесі бар мәміле жасасу туралы сұрақты қарастырған жағдайда, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына сәйкес мәміле жасасуға мүдделі болып мойындалатын, Биржаның аффилиирленген тұлғалары Директорлар кеңесінің назарына Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңымен қарастырылған мәліметтерді жеткізуге міндетті *(осы тармақ Биржа акционерлерінің 2020 жылдың 13 сәуіріндегі кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен өзгертілген)*.

Аталмыш ақпарат жазбаша түрде Биржаның корпоративтік хатшысына немесе оның орнындағы тұлғаға ұсынады және аталмыш сұрақ бойынша материалдарға (осы тармақтың үшінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) қосып беріледі.

Егер Биржаның мәміле жасасуына мүдделі деп Директорлар кеңесінің немесе Басқарма мүшесі мойындалса, аталмыш ақпаратты Директорлар кеңесінің отырысы барысында жария ете алады. Бұл ретте осы отырыстың хаттамасына осындай жариялау туралы жазба енгізілуі тиіс.

5 тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР

23 бап. Биржаны қайта ұйымдастыру және жою

1. Биржаны қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының заңшығарушы актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескеріп, жүзеге асырылады.
2. Биржаны өз еркімен жою акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады. Биржаны, Қазақстан Республикасының заңшығарушы актілерінде қарастырылған жағдайларда, мәжбүрлеп жою сот арқылы жүзеге асырылады.

Биржаны жою процедурасы және несиегерлердің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

3. Жойылған Биржаның, несиегерлердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған, мүлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оның акционерлері арасында бөлінеді.

24 бап. Қорытынды қағидалар

1. Биржа өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, Биржаның ішкі құжаттарын және, белгіленген тәртіпте және құзіреттілік шегінде қабылданған, Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерін басшылыққа алады.

2. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейінше жарамды болады.

Осы Жарғының қандай да бір қағидаттары қолданыстан шықса, осы Жарғының басқа қағидаттарына ықпалын тигізбейді. Осы Жарғының қолданбайтын қағидаттары заңи рұқсат етілген және тиісті қарым-қатынастарды реттейтін қағидатымен ауыстырылады.

3. Осы Жарғыда және, белгіленген тәртіпте және күзіреттілігі шегінде, Биржаның органдарының және лауазымды тұлғаларының шешімдерімен реттеу тәртібі анықталмаған сұрақтар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

Уәкілетті тұлға – "Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының Төрағасы

Қабашев Мақсат Рахымжанұлы